

КӨРІНЕУ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖОЛМЕН ТАБЫЛҒАН МҮЛІКТІ ИЕМДЕНУ НЕМЕСЕ ӨТКІЗУДІҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Ғалымдар, жедел-ізвестіру теориясының өкілдері өз назарларын меншікке қарсы қылмыстарға баса аударады. Меншікке қарсы қылмыстар факторларының бірі болып көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену, сату табылады.

Қылмыстың жасалу жағдайы кез келген қылмыс түрінің, соның ішінде көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізумен байланысты қылмыстардың криминалистикалық сипатының маңызды элементі. Осы аталған түсінік қылмыстың жасалу механизмі, тәсілі деген түсініктермен сәйкес келе бермейді, дегенмен жағдайды талдау криминалистикалық сипаттың осы элементтерін нақтылауға көмектеседі. Жағдай тәсіл секілді қылмыстың жеке механизмі болып табылады.

Әрбір қылмыс әлеуметтік маңызды қылмыстық әрекет ретінде, қылмыскерден қоршаған ортаға, басқа да адамдарға, заттық әлемге, шынайылықпен байланысқан тірі әлемге қарсы бағытталған жүйе. Осылардың арасынан объектілердің түрлілігін және қылмыскердің заңи маңызды әрекеттерін, келіп түскен зардаптармен байланыстыру, қылмыстың объективті және субъективті жақтарын анықтап алу, тек қана қылмыс жасалуының элементтері анықталған жағдайларда: орны, қылмыс жасалған уақыты, ортаның жағдайы, жуықтап анықталған қылмыскер әрекеті бойынша құрылған тергеулік ахуалдардың кеңістік-уақыттық сәйкестігі арқылы анықталуға жатады.

Профессор Е.І. Қайыржанов, нақты өмір жағдайының мынадай түрлерін ажыратады:

1) проблемалық жағдай — алдыға қойған мақсатқа жету жолында кедергілердің болуы, тұлға осы кедергілерден жол тауып кетуі керек;

2) конфликтілік жағдай — конфликтіге қатысушы тараптардың арасында мүдделердің, ұмтылыстардың қайшылығы болатын жағдай;

3) қылмыс жасауға жағымды ықпал ететін жағдайлар¹.

Қылмыс жағдайын білу қылмыстың белгілі бір уақытта немесе орында жасалу тәсілдерін және қылмыскердің қылмыс жасаудағы тәсіліне қатысты логикалық қорытынды жасауға, жаңа қылмыстардың туындауын бағдарлауға септігін тигізетін мәліметтерді алуға бағыт береді². Біздің ойымызша қылмыстың жасалу жағдайы тек қана қылмыстың жасалуының сыртқы көрінісі деген пікір дұрыс емес сияқты, себебі қылмыстың жағдайы материалдық және әлеуметтік ортада қылмыс субъектісінің құқыққа қайшы әрекеттерін бейнелейтін құбылыс ретінде таныла алады.

Біздің ойымызша қылмысқа дайындалу кезеңіндегі оның жағдайы, жасалуы (қылмыстың мақсатына жеткеннен кейін де) қылмыскер мен заттың арасындағы қатынастары немесе басқа да объективті шынайылықты қамтамасыз ететін жалпы және жан-жақты қылмысты ашуға әсерін тигізетін кеңістіктік уақыттық, әлеуметтік психологиялық факторлардың жиынтығын құрайды.

Бұл мән-жайлар әртүрлі деңгейде қылмыскердің еркіне байланыссыз қылмыстың жасалуына әсерін тигізеді және көптеген жағдайларда объективті шынайылықты сыртқы органы айқындайды.

Қылмыстың жасалуынан кейін пайда болған мән-жайлар қылмысты жасауға дайындалу мен жасалуынан кейінгі кезеңдегі пайда болған жағдайларға қатысты кішігірім немесе ерекше маңыздылығы бар әсерін тигізуі мүмкін. Бұл өзгерістер объективті және субъективті сипатты алып жүреді және белгілі бір уақыт аралығында әрекет етеді, олар кездейсоқ немесе алдын ала дайындалған болуы да мүмкін және олар объективті шынайы жағдайларымен байланысты болуы да мүмкін.

Қылмыскердің әрекеті көбінесе мәлімет көздерін және оның мазмұнын анықтайтын қылмыс жағдайына тәуелді³. Өткізудің жағдайы болып, көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізу үшін бағытталған немесе жүзеге асырылған әрекеттердің объективті шарттарының жиынтығы табылады. Осы немесе өзге де әрекеттерді жасауды таңдау көбінесе тұлғаның қызығушылық танытқан жағдайларымен байланысты. Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізуге қатысты объективті

жағдай екі қырлы табиғатты алып жүреді: көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізуші адамның әрекетін жеңілдетеді немесе оған кедергі келтіреді. Бірақ ол (жағдай) «бейтарап» болуы мүмкін.

Біздер көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізуге қатысты келесідей элементтерді бөліп қарастырамыз:

1) өткізудің хронологиялық сипаттамасы (затты өткізу үшін уақыттың болуы, көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізуге дайындалу және ол үшін ақы алу немесе өткізу уақытын белгілеу);

2) материалдық орта немесе көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену дың орнын сипаттайтын басқа да жағдайлар (өткізу орнының ерекшеліктері, сапасы және сол орындағы материалдық объектілердің құрылысы); метеорологиялық жағдайлар (табиғаттың жәй-күйі, күн, апта, жыл уақыты);

3) өткізуші тұлғаның дайындығы (өткізуге қажетті заттары мен құралдарының болуы);

4) өткізу уақытындағы тұлға әрекетіндегі (әрекетсіздігіндегі) басқа да қатысы бар факторлар.

Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізудің негізгі криминалистикалық элементтері болып оның орны және уақыты табылады. Осы элементтер туралы мәліметтерді біле отырып, тергеуші, жедел уәкіл тергеуге алынған қылмыстық іс бойынша кешенді тергеу әрекеттері мен жедел-іздігі шараларын сәтті жүзеге асыруы мүмкін.

Қылмыстың жасалу орны — нақты бір қылмыстың аумақтық сипатын береді. Қылмыстың жасалу орнына қатысты мынадай мәнді белгілерді қарастыруымызға болады: әлеуметтік аумақ және қылмыстың объективтік жағын заңды түрде сипаттайтын тәсілдері. Басқаша айтқанда қылмыстың жасалу орны — бұл қылмыстың объективтік жағы жүзеге асырылған аумақтың бір бөлігі.

Объективтік сипаттағы көрінген қылмыстың жасалу орнына талдау жасау қылмысты ескерту шараларын жүзеге асыруда орасан пайдалы септігін тигізеді. Қылмыстың жасалу орны басқа да мән-жайлардың жиынтығымен бірге мысалы, қылмыс құрамының объективтік жақтарының орын алуын немесе болмауын (әрекет немесе себептік байланысты) куәландыра алады сонымен қатар:

– қылмыстың жасалу тәсілдерін сипаттайды;

– қылмыспен келтірілген зардаптың мөлшеріне әсер етеді;

– сол немесе басқа да заттар қылмысты жасаудың қаруы ретінде танылуы деп қорытындыға келуі;

– қылмыстық дәрежелі мән-жайлар компоненті ретінде шығуы.

Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізумен байланысты қылмыстық істерді талдай отырып, біздер мынадай қорытындыға келеміз, қылмыстың жасалу орны көп жағдайларда қылмыскердің құқыққа қарсы әрекетінің сипаттамасына байланысты болып келеді. Бір орында тек қана ұрланған затты сақтауға болады, басқа орында оларды өткізеді. Басқа бір орында ұрланған заттарды сақтайтын тұрақты қойма жасауы мүмкін, ал басқа бір орында уақытша ұстауға, үшінші орында тұрақты немесе аралық өткізу. Арнайы орындар құпия қойма ретінде бейімделіп жасалады.

Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізумен байланысты қылмыстар бойынша эмпирикалық материалдарды талдау көрсеткендей, осы санаттағы қылмыскерлер ең алдымен жағдаймен танысып шығады және қылмыстың орны мен уақытын таңдайды.

Ұрланған заттың өткізілуі үшін белгілі бір жолдары таңдалады және оларға келесідей жағдайлар әсерін тигізеді:

– кінәлінің ұрланған құндылықтарды өткізуі үшін ұйымдастыратын адамдарға қатысты нақты сенімдерінің (көз жеткізуі) болуы;

– ұрланған заттарды өткізуді ұйымдастыруда заттарды алушы мекеме, ұйым, фирма, сауда орындары жағынан кінәлі үшін жағымды жағдайлардың болуы;

– жуықтап алынған орындаушылардың сезікті адам арасындағы моральдық қатынастарының жағымды және тұрақты болуы.

Қылмыстық істер көрсеткендей, көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізу орындары болып көбінесе табылады: базар (азық-түлік немесе киім-кешек);

мекемелер немесе ұйымдар; тұрғын үйлер, пәтер, жатақхана т. б.; коммерциялық ұйымдар; автодүкендер немесе автобазарлар; өлшеп сатылатын дүкендер; қоғамдық тамақтандыру орталықтары; ақша айырбастау орындары; көлік құралдары (алысқа жүретін поезд); ұйымдар, қонақ үйлер, демалыс орындары.

Сонымен қатар, қылмыс ретінде жасалатын анағұрлым кең тараған орындар болып сауда базарлары; автодүкендер немесе автобазарлар; вокзалдар мен алысқа жүретін поездар.

Жылдың уақыты бойынша ұрланған заттар тең бөлінбейді. Бұл қылмыстар кез келген уақыттарда жасалуы мүмкін, қандай да болмасын тәуелділік жоқ. Бірақ қылмысты әрекет арқылы табылған заттарға қатысты тұтынушылардың сұранысының болуы олар үшін маңызды.

Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізумен байланысты қылмыстық істерді сәтті жүргізу үшін, тергеу мен жедел-іздігі шараларын жүргізуде қылмыс жасалған уақыт пен қылмыс затын өткізу аралығын нақты анықтап алуымыз қажет. Танысқан қылмыстық істер бойынша олар былайша көрсетіледі: бір күн аралығында — 8,41 %; бір күн мен үш күн аралығында — 24,14 %; төрт күн мен он күн аралығында — 5,4 %; он бір күн мен 1 ай аралығында — 28,12 %; бір айдан астам уақытта — 28,36 %.

Осыған орай, көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізудің кең тараған уақыты болып 1 және 3 күн аралығы, 10 күн мен 1 айдың аралығы табылған. Алынған нәтижелердің анағұрлым шынайы себептері болып, қылмысты жолмен табылған заттарды болашақта сәтті өткізу немесе сату үшін «уақытша ұстап тұру» болған.

Кінәлі адам қылмысты жасай отырып бір уақытта басқа да әрекеттерді жүзеге асырады. Олар қылмыстың жасалуымен себепті байланыста табылады немесе кеңістіктік-уақытша байланысты құрастырады; жаңа қылмыс құрамын құрайды немесе қылмыстың заң тұрғысынан елеулігі болмауы мүмкін.

Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізу кенеттен, аяқ асты жасалмайды, керісінше тиянақты және жоспарлы түрде жасалады. Кінәлі әдеттегідей, жасайтын қылмысты жоспарлайды, тиісті жағдайларды келтіреді, қылмыс жасауға қатысушыларды іздестіреді, қылмыстық жолмен табылған мүлікті сату немесе өткізудің жолдарын (каналын) іздейді, әрекетті жүзеге асырудың белгілі бір қауіпсіздік қырларын реттестіреді, қажеттілігінше жалған құжаттарды дайындайды, ұйымдастыру жүйесіне өзгертулер мен толықтырулар жасайды, қылмыстың жасалу жоспарын өңдейді.

Кінәлі адам қылмысты нәтижеге қол жеткізгеннен кейін, көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізудің іздерін, мәліметтерді, байланысқа шыққан адамдармен қатынасты жою үшін қажетті шараларды ұйымдастырады.

Қол сұғушылық затын оның белгілерін анықтаусыз зерттеуге алу мүмкін емес. Осыған байланысты арнайы әдебиеттерде оларды анықтауға байланысты құрылымдық қасиеттері мен айырмашылықтары ашып көрсетіледі. Мүлікке қатысты көрсетілген белгілер салыстыру (идентификациялау) тұрғысынан басталуы қажет, яғни салыстыруға жеткілікті болуы үшін оның формасы, көлемі, түсі айқындалады. Қылмыстық қол сұғушылықтың заттары қазіргі кезеңде белсенді түрде қылмыскерді анықтау мен қылмысты ашу үшін қолданыс табуда, қылмыстың жасалу орны мен уақытын, жасалу тәсілдерін немесе басқа да мән-жайларын анықтау мүліктік қылмыстарды тергеуде кеңінен қолданылуда⁴.

-
- ¹ Каиржанов Е. И. Криминология. Общая часть. — Алматы, 2000. — С. 129.
 - ² Алауханов Е. О. Уголовное право: Общая и Особенная части: Учебн. — Алматы, 2008.
 - ³ Бойцов А. И. Преступления против собственности. — СПб., 2002.
 - ⁴ Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан: В 2 книгах. Кн. 2 (ст. ст. 175–393). — Алматы, 2003.